

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 14 қаңтарда № 10087 тіркелді.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрілігі Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 26 қарашадағы
№ 3-2/615 бұйрығымен
бекітілген

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.07.2020 № 242 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 10) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 10-бабы 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және тиісті қаржы жылына арналған жергілікті бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңделген өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау (бұдан әрі – субсидиялар) тәртібін, сондай-ақ "Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) көрсету тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

1-1. Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіру үшін оның экономикалық қолжетімділігін арттыру үшін жүзеге асырылады.

Ескерту. Қағидалар 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) - облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдарының ауыл шаруашылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын құрылымдық бөлімшелері;

1-1) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) кепілдендірілген сатып алу бағасы - ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен дайындаушы ұйымдардан ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу жүзеге асырылатын, өзіндік құны мен рентабельділігі ескеріле отырып белгіленетін баға;

3) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5) нақты сатып алу бағасы - өңдеуші кәсіпорындар ауыл шаруашылығы өнімі үшін бір өтінім шеңберінде шот-фактураларға сәйкес нақты төлеген орташа баға;

6) өтінім - өңдеуші кәсіпорындардың тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға субсидиялар алуға арналған электрондық өтінім;

7) өтінім беруші/көрсетілетін қызметті алушы - ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алуды жүзеге асыратын өңдеуші кәсіпорын;

8) сатып алу бағасы - бәсекеге қабілетті өнім өндіру үшін ауыл шаруашылығы өніміне өңдеуші кәсіпорындар ұсынуы мүмкін баға;

9) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесі (бұдан әрі – СМАЖ) – "электрондық үкіметтің" веб-порталымен өзара іс-қимыл жасау, субсидия алуға арналған өтінімді тіркеу, субсидиялау шарттарына сәйкестігіне автоматты түрде тексеру арқылы оны өңдеуге мүмкіндік беретін, субсидиялау процестерін орындау бойынша қызметтер көрсетуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

10) субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесінің веб-порталы (бұдан әрі – СМАЖ веб порталы) – субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесіне қолжетімділік беретін интернет-ресурс;

11) субсидиялауға арналған өтінімдердің электрондық тізілімі (бұдан әрі – тізілім) – агроөнеркәсіптік кешенді субсидиялауға арналған өтінімдер туралы, сондай-ақ қарыз алушылар, қаржы институттары туралы мәліметтер жиынтығы және СМАЖ-да көрсетілген өзге де мәліметтер;

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тармақты 11-1) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 415 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12) "электрондық үкіметтің" веб-порталы - нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттар беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе;

13) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) - электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның

тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдардың жиынтығы.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 20.06.2024 № 209 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.12.2024 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің міндетін атқарушының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 477 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19856 болып тіркелген) бекітілген кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы белгіленетін ауыл шаруашылығы өнімінің тізбесіне (бұдан әрі - өнімдер тізбесі) сәйкес өндеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алуға жұмсайтын шығындары субсидиялауға жатады.

4. Субсидиялар кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы арасындағы айырманы өтеуді болжайды.

Субсидиялар өндеуші кәсіпорындарға дайын өнімді өндіру және өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен дайындаушы ұйымдардан ауыл шаруашылығы өнімдерін ағымдағы жылы және алдыңғы жылдың төртінші тоқсанына сатып алуға кеткен шығындары үшін төленеді.

2025 жылы субсидиялар өндеуші кәсіпорындарға дайын өнімді өндіру және өткізу үшін ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерден, ауыл шаруашылығы кооперативтері мен дайындаушы ұйымдардан ауыл шаруашылығы өнімдерін ағымдағы жылы, сонымен қатар алдыңғы жылдың үшінші және төртінші тоқсанында сатып алуға кеткен шығындары үшін төленеді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Субсидияларды есептеу осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті мен өнімдер тізбесіне сәйкес сатып алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері (бұдан әрі - субсидиялар нормативі) ескеріле отырып, өнімдер тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Субсидиялар нормативін айқындау үшін құрамында облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің, сондай-ақ салалық қоғамдық бірлестіктердің, өндеуші кәсіпорындардың, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің, "Атамекен" Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өңірлік палаталарының өкілдері бар комиссия құрылады. Комиссия құрамы облыс, республикалық маңызы бар қала, астана әкімінің шешімімен айқындалады және бекітіледі.

Комиссия төрағасы облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің орынбасары болып табылады.

7. Комиссия құрамы жыл сайын қалыптастырылады және 9 (тоғыз) адамнан кем болмауы тиіс.

8. Комиссия ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілердің алдыңғы жылғы орташа бағалары бойынша статистикалық деректер талдауының қорытындылары бойынша (статистикалық деректер болмаған кезде жақын маңдағы өңірлердің деректері пайдаланылуы мүмкін) жылдық инфляция деңгейін есепке ала отырып, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша ағымдағы жылға кепілдендірілген сатып алу бағасын (Бкеп.сат) айқындайды. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бойынша алдыңғы жылғы статистикалық деректер болмаған кезде жақын маңдағы облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) деректері пайдаланылады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Комиссия алдыңғы жылғы өңдеуші кәсіпорындардың дайын өніміне қалыптасқан нарықтық бағалар бойынша жиналған деректер негізінде ағымдағы жылға облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өңдеуші кәсіпорындарының ауыл шаруашылығы өнімін сатып алу бағасын айқындайды.

10. Бидайды қоспағанда, ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алу бағасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Бсат} = ((\text{Бнар} * \text{Ииф}) - \text{ҚҚС} - \text{Рөңдеу} - \text{Шөңдеу}) / \text{Кк},$$

мұнда:

Бсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Бнар – алдыңғы жылғы өнім бірлігінің нақты қалыптасқан нарықтық бағасы, теңге/килограмм (өңдеуші кәсіпорындардың деректері немесе Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы (бұдан әрі – ҚР СЖРА ҰСБ) қалыптастыратын ресми статистикалық ақпарат);

Ииф – инфляция деңгейі, % (алдыңғы жылы ресми статистикалық ақпарат);

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Рөңдеу – өңдеудің рентабельділігі (10%);

Шөңдеу – тікелей өңдеуге жұмсалған шығындар, теңге/килограмм;

Кк – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы негізінде субсидиялар нормативі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Нсуб} = \text{Бкеп.сат} - \text{Бсат},$$

мұнда:

Нсуб – өнім бірлігіне арналған субсидиялар нормативі, теңге/килограмм;

Бкеп.сат – кепілдендірілген сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Бсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасын айқындау туралы шешім комиссияның хаттамалық шешімімен бекітіледі.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы дайын өнім өндірісінің нормативтік рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында субсидиялар нормативін айқындауға арналған есептік көрсеткіш болып табылады.

Егер нақты сатып алу бағасы кепілдендірілген сатып алу бағасынан төмен болса, онда субсидиялар нормативі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Нсуб.төмен} = \text{Бн.сат} - \text{Бсат},$$

мұнда:

Нсуб.төмен – өнім бірлігіне арналған субсидиялардың нормативі, теңге/килограмм;

Бн.сат – нақты сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Бсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2025 № 338 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-1. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-2. Бидайдың сатып алу бағасын есептеу мынадай формула бойынша жүргізіледі:

$$\text{Бсат} = ((\text{Бнар} * \text{Ииф}) - \text{ҚҚС} - \text{Рөңдеу} + \text{Шөңдеу} + \text{Тж}) / \text{Кқ},$$

мұнда:

Бсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Бнар – алдыңғы жылғы өнім бірлігінің нақты қалыптасқан нарықтық бағасы, теңге/килограмм (өңдеуші кәсіпорындардың деректері немесе ҚР СЖРА ҰСБ қалыптастыратын ресми статистикалық ақпарат);

Ииф – инфляция деңгейі, % алдыңғы жылғы ресми статистикалық ақпарат;

ҚҚС – қосылған құн салығы;

Рөңдеу – өңдеудің рентабельділігі (10%);

Шөңдеу – тікелей өңдеуге жұмсалған шығындар, теңге/килограмм;

Тж – бастапқы шикізатты өңдеу кезінде жанама (басқа) өнімнен алынатын, бастапқы шикізаттың бір килограммына келтірілген табыс;

Кқ – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасының белгіленген деңгейі негізінде субсидиялар нормативі мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{Нсуб} = \text{Бкеп.сат} - \text{Бсат},$$

мұнда:

Нсуб – өнім бірлігіне арналған субсидиялар нормативі, теңге/килограмм;

Бкеп.сат – кепілдендірілген сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Бсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасын айқындау туралы шешім комиссияның хаттамалық шешімімен бекітіледі.

Кепілдендірілген сатып алу бағасы мен сатып алу бағасы дайын өнім өндірісінің нормативтік рентабельділігін қамтамасыз ету мақсатында субсидиялар нормативін айқындауға арналған есептік көрсеткіш болып табылады.

Егер нақты сатып алу бағасы кепілдендірілген сатып алу бағасынан төмен болса, онда субсидиялар нормативі мынадай формула бойынша төмендейді:

$$\text{Нсуб.төмен} = \text{Цн.сат} - \text{Цсат},$$

мұнда:

Нсуб.төмен – өнім бірлігіне арналған субсидиялардың төмендетілген нормативі, теңге/килограмм;

Цн.сат. – нақты сатып алу бағасы, теңге/килограмм;

Цсат – сатып алу бағасы, теңге/килограмм.

Ескерту. Қағидалар 10-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2025 № 338 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті беруші субсидиялар нормативтерін субсидияның әр нормативі бойынша негіздемелермен қоса облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің, ол болмаған жағдайда, оның міндетін атқарушы адамның қолы қойылған ілеспе хатпен екі данада Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) қарауына береді. Министрліктің субсидиялар нормативтерін қарау мерзімі хат келіп түскен күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

Оң нәтиже болған жағдайда, Министрлік тиісті ілеспе хатпен субсидиялар нормативтерінің бір данасын кері қайтарады.

Теріс нәтиже болған жағдайда, Министрлік уәжді бас тартуы бар хатпен субсидиялар нормативтерінің екі данасын да кері қайтарады. Бұл ретте, пысықталған субсидиялар нормативтері Министрлікке 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қайта қарауға жолданады.

Субсидиялар нормативтері облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдігінің қаулысымен бекітіледі.

Субсидиялар нормативтеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу осы Қағидалардың осы тармағында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

12. Көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын тиісті жылдың бірінші сәуіріне дейін СМАЖ-дың веб-порталында және облыстар, республикалық маңызы бар қалалар,

астана әкімдігінің интернет-ресурсында субсидиялар алуға арналған өтінімдерді қабылдаудың мерзімдері туралы, белгіленген субсидиялар нормативтері туралы хабарландыру жариялауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті беруші субсидияларға арналған жеке ай сайынғы қаржыландыру жоспары (бұдан әрі – қаржыландыру жоспары) бекітілгеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде оны СМАЖ-дың веб-порталында орналастырады.

Бұл ретте, көрсетілетін қызметті беруші бөлінген бюджет қаражатын өнімдер тізбесінде көрсетілген субсидияланатын өнімдер бойынша бөледі және СМАЖ-дың веб-порталына орналастырады.

Өнімдер тізбесінде көрсетілген субсидияланатын өнімдердің бірі бойынша өтінім болмаған жағдайда, бюджет қаражатын өнімдер тізбесінде көрсетілген өнімдер арасында бір жыл ішінде қайта бөлуге жол беріледі.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

1-параграф. Субсидия алу шарттары

14. Субсидиялар мынадай шарттар сақталған кезде төленеді:

1) өңдеуші кәсіпорындардың "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық түрде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінімді беруі.

"Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі осы Қағидаларға 3-қосымшада жазылған.

"Электрондық үкіметтің" веб-порталы мен СМАЖ-дың ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады;

3) өңдеуші кәсіпорын берген және ЭЦҚ қойылған өтінімнің СМАЖ-да тіркелуі;

3-1) өтінім берілген жылға дейінгі алдыңғы 2 (екі) қаржы жылы қатарынан салық аударымдары мен еңбекақы төлеу қорының көлемін төмендетуге жол бермеу.

Осы тармақшаның бірінші бөлігінде көрсетілген базалық өлшемшарт дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелген мерзімі 3 (үш) жылдан аспайтын көрсетілетін қызметті алушыларға қатысты қолданылмайды;

3-2) сары майдың, қатты ірімшіктің, құрғақ сүттің (қаймағы алынбаған, майсыздандырылған) және құрғақ бидай дәнмаңызының (бидай глютені) жалпы өнім

көлемінің өткен жылдың деңгейінде сақталуын /өсуін қамтамасыз ету бойынша қарсы міндеттемелерді сақтау, ақшалай мәнде (мың теңге).

Қарсы міндеттемелерді агроөнеркәсіптік кешеннің субъектілері ағымдағы қаржы жылында ұқсас қарсы міндеттемелерді белгілеу көзделген субсидиялардың барлық түрлері бойынша жиынтығында 100 000 000 (жүз миллион) теңге және одан жоғары мөлшерде субсидиялар алған жағдайда қабылдайды.

2029 жылғы 1 қаңтардан бастап қарсы міндеттемелер субсидиялар алатын агроөнеркәсіптік кешеннің барлық субъектілеріне қолданылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

14-тармақты 3-3) тармақшамен толықтыру көзделген – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 415 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4) СМАЖ бен электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ЭШФ АЖ) ақпараттық өзара іс-қимылы нәтижесінде өңдеуші кәсіпорынның (өңдеуші кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесі) ауыл шаруашылығы өнімін сатып алғанын және дайын өнімді өткізгенін растауы (ауыл шаруашылығы өнімін жеткізушінің, алдыңғы жылдан ерте емес шығарып берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы, және өңдеуші кәсіпорынның (өңдеуші кәсіпорынның құрылымдық бөлімшесінің) дайын өнімді өткізу туралы алдыңғы жылдың төртінші тоқсанынан ерте емес шығарып берілген тиісті электрондық шот-фактурасының болуы).

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

15. Субсидиялар беру үшін қажетті мәліметтерді қамтитын СМАЖ-да іркіліс болған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші туындаған жағдай туралы Министрлікті дереу хабардар етеді, ол оны жоюға кіріседі.

Бұл ретте, туындаған іркілісті жою бойынша жұмыстар жүргізілгеннен кейін Министрлік 3 (үш) жұмыс күні ішінде техникалық проблема туралы хаттама жасайды және оны СМАЖ-ға орналастырады.

Министрлік осы Қағидалар бекітілген немесе өзгертілген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс-орталығына жібереді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Субсидияларды есептеу тәртібі

16. Субсидиялар мөлшері мынадай формула бойынша есептеледі:

$$S = (V_c * K_k) * H_{\text{суб}},$$

мұнда:

S – субсидиялар мөлшері, теңге;

Vc – сатылған өнімнің көлемі, килограмм;

Kк – осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті;

Nсуб – субсидиялар нормативі, теңге / килограмм.

Егер ауыл шаруашылығы өнімінің сатып алынған көлемі ($Vc \cdot Kк$) осы Қағидалардың 14-тармағы 4) тармақшасына сәйкес расталған нақты сатып алынған көлемнен асып кетсе, онда субсидиялар сомасын есептеу үшін ауыл шаруашылығы өнімінің нақты сатып алынған көлемі пайдаланылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Субсидияларды төлеу тәртібі

17. Өтінімдерді қабылдау өңдеуші кәсіпорынның тіркелген орны бойынша тиісті жылдың 1 сәуірінен 10 желтоқсаны (қоса алғанда) аралығында жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.11.2021 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. СМАЖ веб-порталы (бұдан әрі – Жеке кабинет) арқылы тізілім деректеріне қолжетімділік беру үшін:

1) өңдеуші кәсіпорын СМАЖ-да өз бетінше тіркелу үшін ЭЦҚ алады;

2) көрсетілетін қызметті беруші жыл сайын Министрлікке ЭЦҚ-сы бар жұмыскерлердің өзектендірілген тізімдерін жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жеке кабинетте тіркелу үшін өңдеуші кәсіпорындар мынадай мәліметтерді көрсетеді:

1) дара кәсіпкерлер үшін: жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН), аты, әкесінің аты (бар болса), тегі;

2) заңды тұлғалар үшін: бизнес-сәйкестендіру нөмірі, толық атауы, аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және бірінші басшының ЖСН-сы;

3) байланыс деректері (почталық мекенжайы, телефоны, электронды почта мекенжайы);

4) екінші деңгейдегі банктің немесе ұлттық почта операторының ағымдағы шотының деректемелері.

Жоғарыда көрсетілген деректер өзгертілген жағдайда, өңдеуші кәсіпорын 1 (бір) жұмыс күні ішінде Жеке кабинетке енгізілген жеке шоттың деректерін өзгертеді.

20. Өтінімді қалыптастыру және тіркеу Жеке кабинетте мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы Қағидалардың 14-тармағы 4) тармақшасының талаптарын СМАЖ тексеруі үшін қажетті мәліметтерді енгізе отырып, өтінім қалыптастырылады;

2) өтінім СМАЖ-да өңдеуші кәсіпорынның ЭЦҚ-сын пайдалана отырып, оған қол қоюы арқылы тіркеледі және көрсетілетін қызметті берушінің Жеке кабинетінде қолжетімді болады. Көрсетілетін қызметті берушінің электрондық мекенжайына қарауға өтінім келіп түскені туралы электронды хабарлама жолданады.

Өңдеуші кәсіпорын көрсетілетін қызметті беруші төлем шоттарын қалыптастырған сәтке дейін тіркелген өтінімдегі деректердің сәйкессіздігі анықталса, өңдеуші кәсіпорын қайтарып алу себебін көрсете отырып, өтінімді қайтарып алады.

Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректердің мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне енгізілуін қамтамасыз етеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 14.06.2023 № 229 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-1. Алып тасталды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 415 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

2-тарауды 20-2-тармақпен толықтыру көзделген – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 24.12.2024 № 415 (01.01.2027 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20-2. Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің көлемі мынадай формула бойынша айқындалады:

агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, мың теңге = агроөнеркәсіптік кешеннің заттай мәндегі өткен жылғы өндірілген өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, тонна x агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауардың немесе қызметтің) бағасы, мың теңге.

Еңсерілмейтін күштің (табиғи-климаттық жағдайлардың, фитосанитариялық және эпизоотиялық жағдайлардың нашарлауы) салдарынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда, өңдеуші кәсіпорын СМАЖ-ға осы фактіні растайтын құжатты (Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің "Қазгидромет" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны берген ауа райы жағдайлары туралы анықтаманы және (немесе) ЖАО-ның карантинді немесе шектеу іс-шараларын белгілеу туралы шешімін және (немесе) жануарлардың ауруын анықтау туралы сараптама актісін (сынақ хаттамасы) және (немесе) егістіктердің

зиянкестермен және өсімдіктердің ауруларымен зақымдануы туралы актіні) орналастырады.

Қарсы міндеттеме теріс ауытқу жағдайында (осы Қағидаларға 6-қосымшаның 8-бағаны) орындалмады деп есептеледі, ол өтінім берілген жылдың алдындағы алдыңғы 2 (екі) жылдағы агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімі (тауарлары немесе көрсетілетін қызметтері) көлемдерінің арасындағы айырма арқылы есептеледі. Қарсы міндеттемелерді алғашқы қабылдау кезінде ауытқу нөлге тең болады.

Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан бірінші рет міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылы 1 (бір) жылға субсидиялар алуға өтінім беру мүмкіндігі тоқтатылады. Алдыңғы 2 (екі) жыл қатарынан екінші рет және одан кейін де міндеттемелер орындалмаған және еңсерілмейтін күштің мән-жайларының басталғанын растайтын құжаттар болмаған жағдайда, ағымдағы күнтізбелік жылда 2 (екі) жылға субсидиялар алуға өтінім беру мүмкіндігі тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының ресми ұсынылған ақпаратына сәйкес агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) орташа республикалық бағалар туралы деректерді осы Қағидаларды әзірлеуші 2025 жылғы 20 қаңтарға дейінгі мерзімде СМАЖ-ға орналастырады. Агроөнеркәсіптік кешеннің жаңа өнімі (тауары немесе көрсетілетін қызметі) пайда болған жағдайда оған орташа республикалық бағалар СМАЖ-ға тиісті жылдың 20 қаңтарына дейінгі мерзімде енгізіледі. Агроөнеркәсіптік кешеннің жалпы өнімінің (тауарларының немесе қызметтерінің) көлемін есептеу кезінде 2024 жылғы тіркелген баға пайдаланылады. Ресми статистикалық ақпаратта баға туралы деректер болмаған жағдайда, баламалы көздерден алынған деректер немесе өнімнің осы түрін өндіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың 5 (бес) агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің орташа бағасы пайдаланылатын болады.

Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі туралы ақпаратты өңдеуші кәсіпорын осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 20 қаңтардан бастап ағымдағы жылдың соңына дейінгі мерзімде Жеке кабинетінде толтырады және электрондық цифрлық қолтаңбамен растайды. Қарсы міндеттемелер туралы мәліметтер осы Қағидаларға 7-қосымшада белгіленген нысан бойынша қарсы міндеттемелер тізілімінде көрсетіледі және пайдаланушылар үшін жалпыға қолжетімді болып табылады.

Бұл ретте ағымдағы жылы мемлекеттік тіркеуден өткен өңдеуші кәсіпорындар өткен жылғы жалпы өнім көлемін "0" мәнінде көрсетеді.

Қайта өңдеуші кәсіпорынның қарсы міндеттемелерді орындау деңгейі СМАЖ-да белгіленеді.

Ескерту. 2-тарау 20-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 209 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

21. Көрсетілетін қызметті беруші өтінімді тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде ЭЦҚ-ны қолдана отырып, қол қою арқылы оны қабылдағанын растайды, көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында субсидиялардың аударылғандығы немесе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді хабарлама жібереді.

22. Көрсетілетін қызметті беруші қаржыландыру жоспарына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидалардың 21-тармағына сәйкес өтінімді қабылдағанын растағаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде "Қазынашылық-Клиент" ақпараттық жүйесіне жүктелетін субсидиялар төлеуге арналған төлем шоттарын СМАЖ-да қалыптастырады.

Тиісті қаржы жылына арналған қаржыландыру жоспарына сәйкес өңдеуші кәсіпорындардың шығындарын субсидиялауға көзделген қаражат жетіспеген кезде өтінімдер резервке (күту парағына) келіп түседі.

Резервке (күту парағына) келіп түскен өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу ағымдағы қаржы жылында не келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражатын бөлу кезінде өтінімдердің келіп түскен күні мен уақытына сәйкес кезектілік бойынша жүзеге асырылады.

Өтінім бойынша субсидиялар сомасын толық төлеу үшін қажетті бюджет қаражаты жеткіліксіз болған кезде субсидиялар сомасын бөліктерге бөлуге жол беріледі. Өңдеуші кәсіпорынға субсидиялар сомасын бөліктерге бөлу туралы хабарлама осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолданады. Бұл ретте субсидиялар сомасының төленбеген қалдығы келесі айда не ағымдағы қаржы жылында не келесі қаржы жылында қосымша бюджет қаражаты бөлінген кезде төленеді.

Субсидиялар нормативтері мен субсидияларды есептеу тәртібі өзгерген жағдайда резервке (күту парағына) енгізілген өтінімдер бойынша субсидиялар төлеу субсидиялар нормативтеріне және өтінімдерді беру сәтінде қолданыста болған субсидияларды есептеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

Өтінімді резервке (күту парағына) енгізу туралы ақпарат СМАЖ-да көрсетіледі. Өтінімнің резервте (күту парағында) болу кезеңі мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне енгізілмейді.

Тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша жергілікті бюджетте көзделген сомалардан мәлімделген субсидиялар көлемі асып кеткен кезде жергілікті бюджеттен қосымша қаражат Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен

тиісті жергілікті бюджетті бекіту туралы мәслихат шешіміне өзгерістер енгізу жолымен бөлінеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартуға мыналар негіз болып табылады:

- 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы мәліметтердің дұрыс еместігінің анықталуы;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін қажетті ұсынылған мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

23-1. Көрсетілетін қызметті беруші субсидиялау мониторингі үшін тиісті жылдың 30 желтоқсанына дейінгі мерзімде Министрлікке СМАЖ-да қалыптастырылған және жүктеліп алынған субсидияларды пайдалану туралы ақпаратты ұсынады.

Ескерту. Қағидалар 23-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

24. Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.11.2021 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Көрсетілетін қызметті алушының шағымын Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес:

көрсетілетін қызметті беруші – тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде; мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті орган – тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ҚР ӘРПК) 91-бабының 4-тармағына сәйкес шағым келіп түскен жағдайда көрсетілетін қызметті беруші оны келіп түскен күнінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды қарайтын органға жібереді. Қолайлы акт қабылданған, шағымда көрсетілген талаптарды толық қанағаттандыратын әкімшілік іс-әрекет жасалған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші шағымды қарайтын органға шағымды жібермейді.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.11.2021 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Заңның 25-бабының 4-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның шағымды қарау мерзімі:

1) шағым бойынша қосымша зерделеу немесе тексеру не жергілікті жерге барып тексеру жүргізу;

2) қосымша ақпарат алу қажет болған жағдайларда он жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады.

Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда, шағымдарды қарау бойынша өкілеттіктер берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімі ұзартылған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағым берген көрсетілетін қызметті алушыға ұзарту себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімінің ұзартылғаны туралы жазбаша нысанда (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электрондық түрде берілген кезде) хабарлайды.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.11.2021 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Егер заңда өзгеше көзделмесе, сотқа жүгінуге ҚР ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес сотқа дейінгі тәртіппен шағым жасалғаннан кейін жол беріледі.

Ескерту. 27-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 22.11.2021 № 339 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Өңдеуші кәсіпорындардың
ауылшаруашылық өнімін
тереңдете өңдеп өнім өндіруі
үшін оны сатып алу
шығындарын субсидиялау
қағидаларына
1-қосымша

Түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенттері

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2025 № 338 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Тереңдете өңделген өнімдердің атауы	Түпкілікті өнімді бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті
1	2	3
Сүт	Сары май	22,5
Сүт	Қатты ірімшік	12,0

Сүт	Құрғақ сүт (майы алынбаған, майы алынған)	7,3
Бидай	Құрғақ бидай дән маңызы (бидай глютені)	9,5

Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына 2-қосымша Нысан

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінім

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 30.09.2025 № 338 (ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____ жергілікті атқарушы органына
(облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың)
кімнен: _____

(заңды тұлғаның толық атауы немесе жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі)

Маған сары май/қатты ірімшік/құрғақ сүт (майы алынбаған, майы алынған), құрғақ бидай дәнмаңызы (бидай глютені) өндіру және өткізу үшін __ килограмм көлемінде ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға _____ тенге (сома цифрмен және жазбаша) мөлшерінде субсидия төлеуді сұраймын.

1. Өтінім беруші туралы мәліметтер.

Заңды тұлға үшін:

атауы _____

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН) _____

басшының аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін:

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі _____

жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) _____

жеке басын куәландыратын құжат:

нөмірі _____

кім берді _____

берілген күні _____

мекенжайы: _____

телефон (факс) нөмірі: _____

Жеке тұлға үшін дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы хабарлама:
орналасқан жері _____

хабарламаның берілген күні _____

2. Өңдеуші кәсіпорынның екінші деңгейдегі банктегі немесе ұлттық почта операторындағы ағымдағы шотының мәліметтері:

ЖСН/БСН _____

бенефициар коды (бұдан әрі – Кбе) _____

банктің немесе почта операторының деректемелері: _____

банктің немесе почта операторының атауы: _____

банктің сәйкестендіру коды _____

жеке сәйкестендіру коды _____

БСН _____

Кбе _____

3. Ауыл шаруашылығы өнімін сатып алуға жұмсалған шығындарды (өтінім берілген сәттегі) растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер (әрбір ауыл шаруашылығы өнімін өндіруші, ауыл шаруашылығы кооперативі және дайындаушы ұйым бойынша мәліметтер жеке толтырылады):

№	Шот-фактура нөмірі	Шот-фактура ның берілген күні	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, килограмм	Бағасы, килограммына теңге, ҚҚС-ны есептемеген де	Құны, теңге	Сатушының атауы және ЖСН-сы/БСН-сы
1	2	3	4	5	6	7	8
	Жиыны (нақты сатып алу бағасы көрсетіледі)						

4. Дайын өнімнің (өтінім беру сәтінде) өткізілгенін растайтын шот-фактуралар туралы мәліметтер (әрбір сатып алушы бойынша мәліметтер жеке толтырылады):

№	Шот-фактура нөмірі	Шот-фактура ның берілген күні	Ауыл шаруашылығы өнімінің атауы	Ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі, килограмм	Бағасы, килограммына теңге, ҚҚС-ны есептемеген де	Құны, теңге	Сатушының атауы және ЖСН-сы/БСН-сы
---	--------------------	-------------------------------	---------------------------------	---	---	-------------	------------------------------------

5. Тиесілі субсидиялар есептемесі (автоматты түрде толтырылады):

		Түпкілікті өнімді	Түпкілікті өнімді	Шот-фактура дан алынған деректер бойынша		Қысқартылған субсидия	
--	--	-------------------	-------------------	--	--	-----------------------	--

Терендете өңделген өнімнің атауы	Өндірілген өнімнің көлемі, килограмм	бастапқы өнімге қайта есептеу коэффициенті	бастапқы өнімге қайта есептеу нәтижесі	нақты сатып алынған ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі, килограмм	Субсидия нормативі, теңге/килограмм	нормативі, теңге/килограмм (бар болса)	Бюджеттік субсидиялар сомасы, теңге
----------------------------------	--------------------------------------	--	--	---	-------------------------------------	--	-------------------------------------

Ұсынылған ақпараттың дұрыстығын растаймын, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, менің дербес деректерімді жинауға, өңдеуге, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне (бизнес-сәйкестендіру нөмірі 201040000013) "Тіркеуші ақпараттық жүйе" ақпараттық жүйесін құру жобасы аясында және көрсетілген мемлекеттік қызмет бойынша бюджет атқарылуына уәкілетті органға беруге келісім беремін.

Дербес деректердің трансшекаралық берілуі болмағанын, сондай-ақ жалпыға бірдей қолжетімді дереккөздерде таратылуы болмағанын хабарлаймын.

Жиналатын деректер тізбесі: жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, заңды тұлғаның атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, жеке сәйкестендіру нөмірі, банктік деректемелер, электрондық почта мекенжайы, телефон нөмірі.

Өтінім беруші 20__ жылғы "___" _____ сағат _____ қол қойып, жіберді:

Электрондық цифрлық қолтаңбадан (бұдан әрі – ЭЦҚ) алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өтінімді қабылдау туралы хабарлама:

ЭЦҚ-дан алынған деректер

ЭЦҚ-ның қойылған күні мен уақыты

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін терендете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына
3-қосымша

"Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін терендете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда –ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 23.12.2022 № 438 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
		Жеке және заңды тұлғалардың (бұдан әрі – көрсетілген қызметті алушы) өтінімдерін қабылдау

2	Мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну тәсілдері	және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	2 (екі) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (толықтай автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Субсидиялардың аударылғаны туралы хабарлама не мемлекеттік көрсетілетін қызметті беруден уәжді бас тарту. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны – электрондық.
6	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлемақы мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс гафигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен, сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау немесе мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы www.gov.kz интернет-ресурсында орналасқан.
		Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен (Қазақстан

8	Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10087 болып тіркелген) бекітілген Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялауға арналған өтінім.
9	Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған мәліметтердің дұрыс еместігінің анықталуы; 2) көрсетілетін қызметті алушының Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.
10	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы Жеке кабинеті, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары порталда көрсетілген. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі және көрсетілетін қызметті берушілер Қағидалар өзгерген күннен бастап үш жұмыс күні

ішінде мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты өзектендіреді және Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Субсидияны аудару туралы хабарлама

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20__ жылғы "___" _____ № _____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетілді және 20__ жылғы "___" _____ төлем шотына _____ теңге мөлшерінде субсидия сомасы № _____ Сіздің есеп шотыңызға аударылғанын хабарлаймыз.

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сіздің 20__ жылғы "___" _____ № _____ өтініміңіз бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден _____ себепті бас тартылды.

Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Ұсынылады: Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған

Әкімшілік нысанның атауы: Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат

Ескерту. Қағидалар 6-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 20.06.2024 № 209 (01.01.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.01.2026 № 36 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі және 01.01.2025 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) бұйрығымен.

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі: № 1-ЖӨ

Кезеңділігі: жылдық

Есепті кезең: 20__ж

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: субсидия алатын өңдеуші кәсіпорындар

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі:

жыл сайын, 20 қаңтардан бастап және тиісті жылдың соңына дейінгі мерзімде.

Жеке сәйкестендіру нөмірі/ Бизнес сәйкестендіру нөмірі																				
---	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: электрондық түрде.

Облыс _____

Жылы _____

Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеушісі бойынша код _____

Облыс атауы	Өңдеуші кәсіпорынның атауы	Өңдеуші кәсіпорынның бизнес-сәйкестендіру нөмірі/жеке сәйкестендіру нөмірі	Өндірілген өнімнің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) атауы	Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өндірілген өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтерін) көлемі заттай мәнде, тонна	Агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауардың немесе көрсетілген қызметтің) бағасы, теңге*	Агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі, мың теңге (5*6)**	Ауытқу +/- = мың теңге **
1	2	3	4	5	6	7	8

Атауы _____

Мекенжайы _____

Телефоны _____

Электрондық почтасының мекенжайы _____

Орындаушы _____

аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны

Басшы немесе оның міндетін атқарушы адам _____

_____ аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, телефоны

Есептің тапсырылған күні 20 ____ жылғы " " _____

Ескертпе: * агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі – АӨК) өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) баға туралы деректер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 26 қарашадағы № 3-2/615 бұйрығымен бекітілген (тіркелген) Өңдеуші кәсіпорындардың ауылшаруашылық өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларының 20-2-тармағына сәйкес субсидиялаудың мемлекеттік ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі – СМАЖ) автоматты түрде толтырылады;

** СМАЖ-да автоматты түрде есептеледі.

АӨК өндірілген жалпы өнімінің (тауарларының немесе көрсетілетін қызметтерінің) көлемі туралы ақпарат ұсынылған кезде АӨК субъектісі өндірілген өнімнің – сары май, қатты ірімшік және құрғақ сүттің (қаймағы алынбаған, майсыздандырылған) және құрғақ бидай дәнмаңызының (бидай глютені) көлемін көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6459 болып тіркелген) бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросына өнімді (тауарларды, көрсетілетін қызметтерді) өндіру және тиеп-жөнелту туралы алғашқы статистикалық деректерді беруге келісемін. Бұл талап жұмыскерлерінің санына қарамастан, "Өнеркәсіп" қызметінің негізгі және (немесе) қосалқы түрлерімен (Экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішінің 05-33, 35-39 кодтарына сәйкес) заңды тұлғаларға және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелеріне қолданылады.

Ұсынылған деректердің дұрыстығын растаймын, дұрыс емес ақпарат және құжаттар бергенім үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкершілік туралы хабардармын және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісім беремін.

Ескертпе: Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсініктеме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Әкімшілік деректерді өтеусіз

негізде жинауға арналған
"Агроөнеркәсіптік кешеннің
өндірілген жалпы өнімнің
(тауарлардың немесе
көрсетілетін қызметтердің)
көлемі туралы ақпарат"
нысанына қосымша

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме (индексі: № 1-ЖӨ нысан, кезеңділігі: жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған "Агроөнеркәсіптік кешеннің өндірілген жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) көлемі туралы ақпарат" нысанын (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды өңдеуші кәсіпорындар мемлекеттік ақпараттық субсидиялау жүйесінде (бұдан әрі – СМАЖ) толтырады.

3. Нысанға басшы не оның міндетін атқарушы адам тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, қол қояды.

4. Нысанды:

субсидия алатын өңдеуші кәсіпорындар ұсынады.

5. Нысан мемлекеттік және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсініктеме

6. Нысанның 1-бағанында ұлттық Әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне сәйкес облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 2-бағанында субсидия алатын өңдеуші кәсіпорынның атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 3-бағанында өңдеуші кәсіпорынның бизнес-сәйкестендіру нөмірі немесе жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

9. Нысанның 4-бағанында өндірілген өнімнің (тауарлардың немесе көрсетілген қызметтердің) атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 5-бағанында агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы өндірілген өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі заттай мәнде, тоннамен көрсетіледі.

11. Нысанның 6-бағанында агроөнеркәсіптік кешен өнімінің (тауардың немесе көрсетілетін қызметтің) бағасы туралы деректер, мың теңгемен көрсетіледі, олар автоматты түрде СМАЖ-да толтырылады.

12. Нысанның 7-бағанында агроөнеркәсіптік кешеннің өткен жылғы жалпы өнімінің (тауарлардың немесе көрсетілетін қызметтердің) көлемі, мың теңгемен көрсетіледі, ол автоматты түрде СМАЖ-да есептеледі.

13. Нысанның 8-бағанында ауытқу, мың теңгемен көрсетіледі, ол СМАЖ-да автоматты түрде толтырылады.

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Қарсы міндеттемелер тізілімі

Ескерту. Қағидалар 7-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Атауы	Облыс	Есепті кезең	Қарсы міндеттемелерді қабылдау күні	Өсімдік шаруашылығы өнімі (ия/жоқ)	М а л шаруашылығы өнімі (ия / жоқ)	Өңдеу өнімдері (ия / жоқ)
1	2	3	4	5	6	7	8

Өңдеуші кәсіпорындардың ауыл шаруашылығы өнімін тереңдете өңдеп өнім өндіруі үшін оны сатып алу шығындарын субсидиялау қағидаларына 8-қосымша

Нысан

Субсидиялар сомасын бөліктерге бөлу туралы хабарлама

Ескерту. Қағидалар 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.06.2025 № 193 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Құрметті _____

(көрсетілетін қызметті алушы)

Сізге 20__ жылғы "___" _____ № _____ өтініміңіз бойынша сізге

тиесілі субсидиялар сомасын бөліктерге бөліп төлеу туралы хабарлаймыз.